

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі « Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментімен тіркілген «Прииртышье» өлкетану қоғамы , қоғамдық бірлестігі мен «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» КММ-сі арасындағы ынтымақтастық туралы

МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі « Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментімен тіркілген «Прииртышье» өлкетану қоғамы , қоғамдық бірлестігі, бір тараптан және Жарғы негізінде әрекет ететін өлкетану қоғамының төрағасы Сасанов Марат Еркимбекович және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» КММ-сі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Джумартова Данара Мейранбековна , бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, тараптардың өзара мүдделілігін негізге ала отырып туризмді дамыту, мәдени мұраны зерделеу және танымал ету мақсатында ынтымақтастық туралы (бұдан әрі – "Меморандум"), төмендегілер туралы осы Меморандумға қол қойды:

1 бап

Осы Меморандумның мақсатын іске асыру үшін бір-бірімен мынадай бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

- 1.1. ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Тараптардың бірлескен жобаларына қатысу;
- 1.2. Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласы, Абай және Ұржар аудандарындағы мұражайларды қоса отырып, туристік маршруттарды ұйымдастыру бойынша өзара қызметтерді ұсыну;
- 1.3. Музей аумағында және оның филиалдарында, сондай-ақ Тараптар келіскен мәдени туризм маршруттарында топтарға экскурсиялық қызметтерді ұйымдастыру;
- 1.4. Ғылыми-мәдени және білім беру жобаларын бірлесіп әзірлеу және жүзеге асыру;
- 1.5. Мәдениет, тарих, өнер және музей ісі саласындағы зерттеулердің басым бағыттарын анықтау бойынша кеңес беру;

- 1.6. Бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу және өткізу;
- 1.7. Бірлескен ғылыми бағдарламаларды ұйымдастыру; сонымен қатар тарих, өнер және музей ісі саласындағы материалдармен және нәтижелермен (жетістіктермен) қамтамасыз ету;
- 1.8. Бірлескен көрмелер және оларға жарияланымдар ұйымдастыру;
- 1.9. Жұмыс кездесулерін ұйымдастыру;
- 1.10. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдаманы ұйымдастыру шеңберінде ғалымдар мен мамандардың алмасуы;
- 1.11. Ғылыми ақпараттармен, құжаттамамен, әдебиеттермен және библиографиялық басылымдармен алмасу;
- 1.12. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың басқа түрлерін пайдалану.

2 бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша, оның ажырамас бөлігі болатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және олар тиісті түрде рәсімделуі және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қоюы керек.

3 бап

Тараптар ынтымақтастықтың нақты мәдени бағдарламалары мен жобаларын іс жүзінде іске асыру, жекелеген екіжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады және қаржыландырылады деп келісті.

4 бап

Осы Меморандумды орындауға немесе өзгертуге қатысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі, егер келісімге қол жеткізілмесе, олар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес қаралуға жатады.

5 бап

Осы Меморандумға өзгерістер Тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде енгізіледі.

6 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл ішінде қолданылады. Осы Меморандум, егер Тараптардың ешқайсысы Меморандумның қолданысын тоқтатқаны үшін, аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын айтпаса, меморандум келесі 5 (бес) жылға автоматты түрде ұзартылады.

7 бап

Келісім екі тарап үшін бірдей заңды күші бар орыс және қазақ тілдерінде 2 (екі) данада жасалды.

